

"Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелері үшін көтермелеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1098 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 1097 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1345 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1345 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының құрама командаларының спортшыларын мемлекеттік қолдау және ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелері үшін көтермелеу мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1098 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 37, 553-құжат)

мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар бекітілсін:

1) спортшыларға олимпиадалық спорт түрлерінен, сондай-ақ Азия ойындарының бағдарламасына енгізілген спорт түрлерінен халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелері үшін өнер көрсету қорытындылары бойынша көтермелеудің (бір рет) мөлшері теңгеге баламалы мөлшерде:

әлем чемпионаттарында:

алтын медаль үшін - 15000 АҚШ доллары;

күміс медаль үшін - 7000 АҚШ доллары;

қола медаль үшін - 5000 АҚШ доллары;

қысқы, жазғы Азия ойындарында:

алтын медаль үшін - 10000 АҚШ доллары;

күміс медаль үшін - 5000 АҚШ доллары;

қола медаль үшін - 3000 АҚШ доллары;

2) олимпиадалық спорт түрлерінен, сондай-ақ Азия ойындарының бағдарламасына енгізілген спорт түрлерінен халықаралық жарыстардағы жоғары

нәтижелер көрсеткен спортшылардың дайындығын қамтамасыз еткен жаттықтырушыларға өнер көрсету қорытындылары бойынша көтермелеудің (бір рет) мөлшері теңгеге баламалы мөлшерде:

		әлем	чемпионаттарында:	
алтын	медаль үшін	-	10000	АҚШ доллары;
күміс	медаль үшін	-	5000	АҚШ доллары;
қола	медаль үшін	-	3000	АҚШ доллары;
		қысқы, жазғы	Азия	ойындарында:
алтын	медаль үшін	-	5000	АҚШ доллары;
күміс	медаль үшін	-	3000	АҚШ доллары;
қола	медаль үшін	-	2000	АҚШ доллары;

3) спортшыларға универсиадалардағы жоғары нәтижелері үшін өнер көрсету қорытындылары бойынша көтермелеудің (бір рет) мөлшері теңгеге баламалы мөлшерде:

алтын	медаль үшін	-	3500	АҚШ доллары;
күміс	медаль үшін	-	2100	АҚШ доллары;
қола	медаль үшін	-	700	АҚШ доллары.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*